

**ҚАЗАҚ СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ
ТҮРКІЛІК ДҮНИЕТАНЫМ БЕЛГІЛЕРІ
TYURK WORLD OUTLOOK SIGNS IN THE WORKS OF KAZAKH
DECORATIVE-APPLIED ART**

Ержан АУЕЛБЕКОВ*

Түйіндемe

Мақалада қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінің түркі мәдениетіндегі алатын орны анықталады. Ұлттық нақыштағы сәндік қолданбалы өнер туындыларының мәні мен кейбір мазмұндық ерекшеліктері сипатталады. Түркілердің тарихи тыныс-тіршілігіндегі сәндік қолөнер түрлері, олардың жасалу, қолданылу жолдарына түсіндірмелер жасалады. Түркілік мәдениеттің ауқымды саласы ретіндегі қазақ тоқыма өнерінің тарихи-өнертанымдық мәні түсіндіреді. Сәндік қолөнер бұйымдарында, әсіресе кілем, gobelen туындыларында қолданылатын оюлар мен өрнектердің түстік, композициялық жағынан шешімдеріне, көркемдік ерекшеліктеріне түркілік өнертанымдық тұрғысынан талдаулар жүргізіледі. Түркілік дүниетаным көріністерінің сәндік қолөнер бұйымдарында бейнелену ерекшеліктері қарастырылады. Қазақ суретші-gobelenшілері шығармаларындағы түркілік дүниетаным белгілерінің айшықталуы баяндалып, сараланады. Қазіргі жас суретші-шеберлердің gobelen тоқуда түркілік дүниетаным белгілерін қолдану түрлері анықталып, қажетті тұжырымдар жасалады.

Кілт сөздері: Сәндік-қолданбалы өнер, түркілік дүниетаным, ұлттық ою-өрнектер, ою-өрнектерді стилизациялау, тоқыма өнері, кілем тоқу өнері, gobelen өнері, gobelen тоқу.

Summary

This article defines the place of Kazakh decorative and applied art in the Turkic culture. Values and some meaningful features of the work of arts and crafts in the national color are described. Explanations are given to the types of decorative and applied art, the ways of their creation and application in the historical life and in the life of the Turks. The historical and art criticism of Kazakh weaving art is blown up as an extensive area of Turkic culture. Analyzes are given to artistic features, color, compositional solutions of ornaments, which are used in decorative and applied art products, especially in carpets and tapestries. The peculiarity of the image of Turkic world-view shades in decorative art items is considered. The definitions of the Turkic worldview signs in the works of Kazakh artists who create tapestries are outlined and analyzed. The motives of the use of the signs of the

* Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан-Қазақстан.
Candidate of Pedagogical Sciences, associate Professor, K. A. Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan-Kazakhstan. E-mail: aron-2005@mail.ru

Turkic world outlook of the tapestry woven by modern young artists are determined, the necessary conclusions are made.

Keywords: Decorative art, Turkic world outlook, national ornaments, styling ornaments, carpet weaving, art tapestry, tapestry woven.

Қазіргі кезеңде Қазақстанның өркениет әлемінен орын алып, дамыған 30 елдің қатарына қосылуға ықпал ететін негізгі міндет – білімді әрі тәрбиелі, мәдениетті ұрпақ қалыптастыру. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасына сәйкес халқымыздың сәндік қолданбалы өнерін дамыту – өскелең ұрпақты халқымыздың рухани байлықтарын түсіне отырып, ата-баба дәстүріне, мәдениеті мен өнеріне баулудың маңызды да, ауқымды міндетіне айналып отыр (Назарбаев, 2017).

Түркі халықтарының ішінде қазақ халқының қолөнерінің қалыптасып, өзіне тән даму тарихы бар. Ол тарих сонау көне замандардан Андронов мәдениетінен бастау алады. Яғни, б.з.д. 2 мыңжылдықтың соңғы жартысы мен 1 мыңжылдықтың басында кең аумақты алып жатқан Сібір мен Қазақ жерін мекендеген тайпалар мен ұлыстардың мәдениеті болып анықталған. Бұл мәдениет б.з.д. VIII-III ғ. Оңтүстік Шығыс пен Орталық Қазақстан территориясын мекендеген сақтар мәдениетімен жалғасқан. Қазақстан жерінде жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде анықталған ежелгі сақ, үйсін, қыпшақ, ғұн және тағы басқа көне түркі тайпаларының мәдениет үлгілері оған дәлел бола алады. Тау ешкісін, арқарды, бұғыны, жыртқыш аңдарды қозғалыссыз қалпында бейнелеу - сақ өнерінің архаикалық кезеңіне тән құбылыс. Түрік қағанаты кезінде тас пен сүйекті өңдеу, оюды жасау, келтіру өнері дамудың жоғары дәрежесіне көтерілді. Сол кездегі тас ою өнері екі түрге бөлінді: біріншісінде тас бетіне сызық түрінде ою арқылы бейнелер салынса, екінші түрінде көлемді мүсін ретінде жасалынды. Түрік қағанында мәдени дәстүрді қыпшақ, қаңлы тайпаларының ұрпақтары XII-XV ғғ. жалғастырды. Сол заманда көлемді ескерткіштер, яғни тастан жасалған адам мүсіндері ерекше дамыды. Бұл мүсіндер Орталық Қазақстанда және Жетісу өңірінде көптеп сақталған. Мүсіндер бойында киімдердің бөлшектері, қару-жарақтар, бас киім, белдік, әйелдердің сырға, білезік т.б. безендірулері, сондай-ақ музыка аспаптары айқын сомдалған. Қорыта айтқанда, Қазақстан жерінде дамыған түркілік қыпшақ, қарлұқ, оғыз тайпаларының өнері, көркем

мәдениеттің бастауы ғана болып қоймай, қазақ жеріндегі бейнелеу өнерінің де алғашқы қалыптасу кезеңіне жол ашты (Самұратова, 2010: 30).

Халқымыздың сәндік қолданбалы өнері келешек ұрпақтың мәдениетін дамытуға тікелей ықпал етуші мұра болып табылады. Ұлы ақынымыз Абай өзінің отыз үшінші қара сөзін жас ұрпақты өнерге баулуға арнап, дүние-байлықтың көзі қолөнерге үйренуде екендігін, ұлттық өнер арқылы оларды тәрбиелеудің пайдалы екендігін айтып дәлелдейді (Абай шығармаларының екі томдық жинағы, 2002). Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерінің тарихы Ә. Марғұлан, Ө. Жәнібеков, Қ. А. Ақышев, Ә. Тәжімұратов, М. Қадырбаев, Г. Сарықұлова, Х. Арғынбаев, Т. Басенов, Қ. Болатбаев, С. Түрікпенова т.б. еңбектерінде қарастырылса, ұлттық сәндік-қолданбалы өнеріміздің теориясы мен әдістері С. Қасиманов, Д. Шоқпарұлы, С. Төленбаев, Қ. Әмірғазин т.б. еңбектерінде айшықталды, ал қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінің сыны Қ. Ыбраева, Қ. Ералин, К. Ли, Б. Көпбосынова т.б. еңбектерінде талданған.

Сәндік қолданбалы өнер әсіресе түркі тілдес халықтардың барлығында ерекше дамыған деп айта аламыз. Әрбір халықтың өмірімен, тұрмыс-тіршілігімен бірге дамыған ұлттық қолөнер шеберлер, суретшілер, өнертанушылар еңбегі мен шығармашылықтары арқылы ұрпақтан ұрпаққа насихатталып, беріліп отырады. Өнер туындыларын дүниеге келтіретін қолөнер шеберлері өздерін қоршаған дүние мен табиғаттың әсем көріністерін қолөнер бұйымдарында жиі әрі мақсатты түрде қолданған. Сонымен қатар әр халықтың тарихи дамуы, тұрмыс-тіршілігі, мәдени-тарихи ерекшелігі мен эстетикалық талғам-нанымдары, дүниетанымдары олардың ұлттық сәндік қолөнерінің мәнін ашып түрлендіре түседі.

Түркі халықтарының сәндік қолданбалы өнерінің дамып өркендеуіне көбінесе Шығыс мәдениеті күшті ықпал жасағандығы белгілі. Н. Ф. Лоренц өзінің еңбектерінде ою-өрнектің негізі Шығыста қаланғандығын дәлелдеген (Лоренц, 1987).

Түркілік дүниетаным аясында айрықша орын алатын қазақ халқының дәстүрлі қолөнері жүннен бұйымдар жасау, кілем тоқу, киізден бұйымдар жасау, киіз басу, арқан-жіп есу, кесте тігу, ағаштан бұйымдар жасау, теріден бұйымдар жасау, ши тоқу, металдан бұйымдар жасау, киім тігу, аяқ киім тігу, сүйектен, тұяқтан және мүйізден бұйымдар жасау, ер-тұрман жасау, қару-жарақ жасау т.б. түрлерге бөлінеді. Осындай қолөнер түрлерінің барлығында кездесетін

ең маңызды, міндетті буын, әрі дүниетанымдық белгіні анық білдіретін сала – бұл ою-өрнектер.

Ө. Жәнібеков аспан әлеміне байланысты ою-өрнектерді зерттеп, түркі дүниесінің бесігі сақ дәуірінен келе жатқан дөңгелек, төрт құлақ, қосу, шимай ою-өрнектің пайда болуына негіздеме беріп, шеңбердің - әлемдік кеңістікті, төрт құлақ – төрт құбыланы, шимайдың - тынымсыз қозғалысты білдіретіндігін т.б. анықтады. Қазақ халқында шимай өрнегі өмірдің дамуын анықтап, оның ала түсті болуын қара қылды қақ жарған ақ әділеттің белгісімен және күн мен түннің тоқтаусыз алмасып отыруымен теңеді. Өнертанушы ғалым түркі халықтарындағы ою-өрнектердің қолданылу ерекшеліктеріне қарай кейбір аталуында өзгеше болғанмен, олардың мәні мен мағынасы жағынан, танымдық белгілер жағынан ұқсастығын дәлелдейді. Мысалы, қазақтың «қыңыр мүйіз» оюы қырғыздарда «ирек», «туямойын» деп аталса, өзбектерде «төрт құлақ», «мүйіз нұсқа» деп аталатындығын жазады. Ө. Жәнібеков сәндік-қолданбалы өнер туындыларына сипаттамалар беріп, символдар туралы құнды мәліметтерді жинақтады (Жәнібеков, 1992).

Қазақ қолөнерінде жас ұрпақтың ой өрісін, білімін, дүниетанымын, тәлім-тәрбиесін кеңейтуде ою-өрнектің алатын орны айрықша. Басқа түркі халықтарындағыдай қазақ қолөнерінде ою-өрнек өте кеңінен қолданылады. Халық шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдардың ою-өрнекпен безендірілмегені өте сирек кездесетіндігі белгілі. Сондықтан ою-өрнектер қолданбалы қолөнер бұйымдарының тұтыну деңгейін және эстетикалық мәнін, мағынасын ашу құралына айналған. Этнограф, өнертанушы ғалымдардың әсіресе С.Қасимановтың зерттеулері бойынша ою-өрнектің 200-дей түрі нақты анықталынған. Солардың ішінде зооморфтық топтағы мүйіз тектес оюлар қазақ ою-өрнектерінің ішіндегі ең байырғысы әрі кең таралған түрі деп есептеледі (Қасиманов, 1962).

Шығыс пен Батысты жалғастырған «Жібек Жолы» түркі дүниесінде мәдениет пен тарихты, тіл мен әдебиетті, дін мен ділді біріктіруші, нағыз интеграциялық байланыс көзі болды. Оның көріністері түркі халықтарының сәндік қолөнерінде анық айшықталған. Әсіресе сәндік қолөнеріндегі ою-өрнектердің аталуы, қолданылуы, олардағы кейбір түстік, композициялық шешім, қатынастардың ұқсас болып келуі осының дәлелі. К. Құдабаева өз еңбектерінде «қажары» оюының түркімен халқының тілінде «қаджари», өзбек халқының тілінде «қажари» деп аталып, сәндік қолөнер бұйымдарында жиі кездесетіндігін жазады. Сол сияқты,

ертеден келе жатқан көне «тұмар» оюының өзбек, түркімен, тәжік, қарақалпақ қолөнерінде көбірек ұшырасатындығын айта келе, көне түрік тілінде «тумар иер», яғни «туған жер» деген сөзінен шыққандығы тұжырымдалған (Құдабаева, 2005). Тұмарларға аруақтар қолдап жүрсін деп туған жердің топырағын салып қоюы да түркілік танымды айғақтайды.

Түркілік мәдениетте сәндік қолданбалы өнер туындыларының ішінде тоқыма бұйымдары, атап айтқанда, кілем, гобелен өнері шығармалары өте кең тараған. Кілем тоқу өнері түркілер жеріндегі, яғни Алтай тауларының Пазыр қорғандары бекінісінде табылған, тарихта «Пазырық кілемі» деген атпен белгілі кілем – әлемдегі ең байырғы кілем болып табылады.

Кілем – бұл түркі халықтарының ішінде өзінің құнын, қасиетін сақтап келе жатқан аса бағалы зат, жұмысы мен еңбегі ауыр, бірақ мәні мен мазмұн жағынан, түр-түсі мен композициясы бойынша ең күрделі сәндік қолөнер туындысы болып есептеледі. Кілемде бейнеленген алуан түрлі, түрлі-түсті, сәнді ою-өрнектерден соны жасаған халықтың тыныс-тіршілігін, мұң-мұқтажын, арман-мұратын, өмір шежіресі мен наным-танымдарын байқауға болады. Түркі халықтарының тұрмысы, көшпелі елдің шарушылығы да осы кілем бетінде сыр шертеді. Кілем бетіне түскен ою-өрнектер, бейнелер қаншалықты стилизацияланған күйде болса да, олардан дүние, қоршаған орта, өмір шындығын байқауға болады. Кілем негізінен өзінің жылуды жақсы сақтайтындығымен пайдаланылып әрі әсемдігімен көшпелі тұрмыстың және отырықшы елдердің үйінің бір бөлшегіне айналды. Халық аузында соған байланысты «Үй жасауы – кілем», «Кілем – жайсаң төсеніш, ілсең сән» деген сөздер кездеседі. Тоқылатын кілемдер ішінде Түркімен, Қырғызстан, Қазақстан, Өзбекстан кілемдері көрнектілігі жағынан ерекше көзге түседі. Сонымен қоса әр халықтың өзіне тән, дүниетанымына сай ұлттық кілем түрлері бар. Осыдан келіп кілемдердің тоқылуы да, материалы да, өрнегі де әр түрлі болып келеді.

Кілем тоқу өнерін зерттеуде К. Оспанов, Ә. Бапанов және С. Бапанова, Р. Базарбаева, С. Бөлтірікова, М. Мұханов, Ж. Табылдиева, Б. Өтепов т.б. шеберлердің шығармашылықтарындағы тарихи ұлттық нышандар, композиция мазмұндары, түстік қатынас, өрнектеу стилизациясы сияқты сәндік қолөнер туындыларындағы ұлттық стильді қарастырған кезде, олардың көпшілік шығармалардағы

негізгі сарын түркілік тамырдан алынған дүниетанымдық белгілерді анықтайтындығы айқындала түседі. Түрік елінің сәндік қолөнерін, кілем өнерінің қыр-сырын, қолөнер туындыларында кезігетін таңбалар мен символдарды, белгілерді зерттеушілер Т. Парлак, Ө. Заимоглу, А. Ергүдер т.б. ғалымдар түркі дүниесі қолөнеріндегі көптеген ұқсастықтар мен тамырлас көзқарас идеялардың мазмұнын ашқан. Мәселен, Айша Ергүдер өз еңбектерінде түрік өнеріндегі қолданылатын аң тәріздес (киік, тау ешкі) оюлардың Орталық Азия, Қаратау жерлеріндегі тастарда қашалған оюлармен ұқсастығын анықтаған. Шығыс Анадолы жайлауларындағы 40 мыңға жуық тас суреттерінің Қаратау суреттеріне ұқсас екендігін дәлелдейді. Бұл таңбалардың кілемдер мен бағана күмбездерінде т.б. әшекейлерде жиі қолданылатындығын жазады (Ергүдер, 2009: 128–132). Бүкіл түркі халықтарының біртуар өнертанушы ғалымы Тахсин Парлак өз кезегінде Арал өңіріндегі дәстүрлі қолөнер ішіндегі кілем тоқу өнеріне зерттеулер жүргізіп, олардың композициялық мазмұны мен құрылымын анықтай отырып, түркі халықтарының кілем өнеріндегі ұқсастықтар туралы құнды тұжырымдар айтқан (Parlak, 2002).

Кейбір жазбаша деректер мен ескерткіштерге сүйенсек, бұрынғы замандарда кілемді киіз үйдің ішінде керегеге тұтып, еденіне төсеумен бірге, оны киіз үйдің туырлық пен үзігі орнына да жапқандығы анықталған.

Кілемнің үй тұрмысында ұзақ тұтынылуы оның өте беріктігі мен төзімділігіне байланысты болған. Кілем құндылығы жағынан, өзінің қолданылу жағынан көптеген материалдардан асып түскен. Яғни, кілем - тұтынуға төзімді, оңайлықпен тозбайтын, жыртылмайтын, шаң-тозаңнан тез тазартылатын, ылғалдық пен құрғақшылықты елең қылмайтын, күйе түсуден де қорықпайтын аса бағалы сәндік қолөнер бұйымы. Оны баршылықтың, байлық пен дәулеттің бір белгісі деп білген. Кілемді, одан жасалатын мүліктерді тек қой жүнінен тоқыған. Әсіресе, Орта Азия мен Қазақстан территориясында тоқылған кілемдердің сапасы мен түрі, түсі өте жоғары бағаланған. Оның себебі кілем тоқуға пайдаланылатын қой жүнінің сапалылығын жоғарыда аталған аймақтың шөбі мен суына, табиғаты мен климатына, бұл жерді жайлаған түркі халықтарының ішіндегі, әсіресе, қазақ халқының табиғи дарындылығы мен тіршілігіне байланысты екендігі анықталған. Өйткені, кілем тоқылуға жұмсалатын қой жүнінің ең сапалысы қазақ жерінің оңтүстігінен бастап шығыс жағын тегіс қамтитын

территориядан алынған, әрі бұл аймақта кілемнің сапалы түрлерінің көп кездесуі де содан. Бұл жерде қой жүнін өңдеуді де көне дәуірден білген. Мақтаны көбінесе кілемнің негізін салу үшін пайдаланған. Сол сияқты, өнер зерттеушісі Робинсонның еңбегінде туысқан өзбек халқының кілемді арқар жүнінен де тоқығаны сөз болады. Кейбір түркімен кілемдерінде мақтаны түр, өрнек салуға пайдаланып, кейде жібектен де кілемдер тоқыған. Кілемнің қалы кілем, масаты кілем, жібек кілем, бұхар кілем, терме кілем, түрікмен кілем, сарыаяқ кілем, парсы кілем, шешенгүл кілем, алтыауыл кілем, т.б. түрлері болады. Кілем үлгілері әр түрлі әлеуметтік шындықты бейнелейді. Кілем атаулары тектен-тек қойыла салмаған, аталған түрлердің өзіндік ою-өрнектері, тоқылу технологиясы мен тәсілдері бар. Олардың бояу, тоқу, түр салу әдістерінен-ақ әрқайсысының бір-бірінен өзгешелігін анықтауға болады.

Кілем тоқу өнерінің қазіргі кезеңде кеңінен қолданылып жүрген түрі - гобелен өнері. Гобелен өзінің заманауилығымен, көптүрлілігімен, жасалу техникасының саналуандылығымен тәжірибелі суретшілер мен шеберлерді, әсіресе жас суретшілерді өте қызықтырады. Бұл үрдісті қазіргі түркі тілдес елдердің осы салада еңбек етіп, шығармашылықпен шұғылданып жүрген барлық суретші-шеберлеріне тән құбылыс деп білеміз. Бұл - заңдылық, себебі гобелен өнері ертеден келе жатқан алаша, тақыр кілем, түкті кілем тоқу өнері сияқты дәстүрлі тоқыма қолөнерінің қазіргі сұранысқа лайықты жалғасқан қолөнер түрі іспеттес. Басқа түркі халықтарындағы тоқыма өнеріндегі сияқты, қазақ халқының кілем тоқу өнерімен бірге гобелен тоқу өнері де ерекше мәнге ие болып отыр.

Түркі мәдениетінде халықтық сәндік қолөнер негізінде де адамдарда көркем дүниетанымдық ұғым-түсініктер қалыптасады, сөйтіп көркем дүниетаным адамдардың барлық тіршілік өміріне енеді. Көркем мәдениеттің барлық мұрасымен байытылған көркем дүниетаным адамның жан-жақты дамуы ретінде, дүниенің сұлулық заңдары арқылы қайта құрылуы ретінде өмір тәжірибесінде белсенді және әрекетшілдікпен жүзеге асырылады. Ал, көркем дүниетаным – өнердегі бейнелі анықталатын идеялар мен сезінулердің ықпалдасуы, өнер арқылы байқалып, ойланып-толғанылған және эмоционалды түрде қабылданған шындық дүние. Сол сияқты, көрушінің, тыңдаушының, оқырманның көркем қиялы, қабылдауы, талдау есі арқылы жасалған дүниенің көркем көрінісі, картинасы.

Белгілі ғалым, профессор Ж. Балкенов сәндік қолөнер туындыларында көптеп кездесетін оюлардың стилизацияланған түрлеріне көптеген зерттеулер жүргізді. Ол стилизация деп бейнелеу, ажарлау, әсерлеу, құбылту, даралау, айшықтау, жинақтау, дәлдік сияқты көркемдік құралдарды стильді айқындап беретін бірден-бір өлшем деп түсініктеме береді. Ал, өрнек өнеріндегі стилизациялау дегеніміз – өнер адамының өзі қарапайым өрнектен бастап, әр бөлігін көркемдікпен зер сала үңіліп, өз қиялының елегінен өткізіп, өзгеше бір жаңа өрнек шығаруға тырысатын шағармашылық үдеріс деп анықтама жасайды. Ж. Балкенов өз анықтамасына сәйкес жануардың көптеген стилизацияланған түрлерін көрсетіп, оларды құрылымдық, стильдік, композициялық жағынан талдап тұжырымдар жасады (Балкенов, 1998). Осындай стилизацияланған ою-өрнектер қазіргі гобелен өнерінде кеңінен таралып, түркі мәдениетіндегі сәндік қолөнер мазмұнына өзіндік шығармашылық әдіс ретінде қолдану аясын арттырды.

Қазақстанда кілем өнерінің қазіргі замандық түрі – гобелен өнерінің қалыптасуына көп үлес қоса отырып, ұлттық сәндік қолөнердің қайталанбас туындыларын дүниеге әкеліп, ою-өрнек стилизациясын, әртүрлі тақырыптағы, бай композициялық мазмұндағы бейнелерді асқан шеберлікпен айшықтай білген К. Тыныбеков, Б. Зәуірбекова, С. Бапанова, Р. Базарбаева, М. Мұқанов т.б. суретші-шеберлердің мектебі жас ұрпаққа үлкен әсер етіп, гобелен өнерінің бүкіл түркі жұртына одан әрі таралуына септігін тигізді (Ералин, 2009).

Олардың гобелен туындыларында ұлттық нақыштағы өрнектер стилизация элементтері, ұтымды түстік қатынастар мен колорит, қозғалыс пен ырғақ өте шеберлікпен беріліп, түркілік дүниетаным белгілері көне түркі даласындай ерекше бір асқақтықпен бейнеленген. Атап айтқанда, К. Тыныбековтың «Дала хикаясы», «Өмір ағашы», «Аққу әні» атты гобелендері терең философиялық мазмұнымен, кең құлашты идеялылығымен, жеткізбек ойының күрделілігімен айшықталса, суретші-гобеленші Б. Зәуірбекованың "Байтақ дала", "Күй", "Дала аруы", "Жастық", "Мәңгілік өмір" атты гобелен туындылары философиялық ой тереңдігімен ерекшеленіп, күрделі аллегориялық сипатымен, геометриялық-сызықтық және кескіндемеге тән тәсілдік құрылымымен дараланып тұрады. С. Бапанованың "Композиция", "Аңыз" атты еңбектері нәзік сезімге құрылғандығымен ерекшеленіп, астарлы сипатымен құнды болса, Р. Базарбаеваның «Композиция-1», «Күн адамы» т.б. гобелендері өзіндік қолтаңбасы мен

идеялары бар ерекше туындылар болып табылады. М. Мұқановтың "Көшпенділер", "Қызыл тиграхауд", "Қызыл өгіз", "Жер ұйық", "Көк тиграхауд", "Кентавр", "Көк салт атты" т.б. гобелендерінде түркілер тарихы есіп тұрғандай әсер береді. Б. Өтеповтің «Түркі дастаны», «Той», «Аударыспақ», «Айтыс» т.б. гобелен шығармалары, Қ. Тыныбековтың «Көктем», «Тау мен дала аңызы», «Әлем», «Дала балладасы» (сурет-1), «Теңіз симфониясы», Е. Айтбаевтың «Аталар мұрасы», «Дала үні», «Кереге тас», «Қазығұрт туралы аңыз», Р. Бапанованың «Аруана», «Сағым», «Көш керуен» (сурет-2), Расылбек Естемісовтің «Жолаушы» т.б. гобелен туындылары (сурет-3) қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің бірегей, қайталанбас шығармалары болумен қатар, терең тарих пен мәдениеттің мұралары ретінде көне түркілік дүниетаным белгілерін паш ететін өнер туындылары болып табылады.



Сурет-1. Құрасбек Тыныбеков. «Дала балладасы». 1974. Гобелен



Сурет-2. Раушан Бапанова. «Көш-керуен». 2002. Гобелен



Расылбек Естемісов. «Жолаушы». 2007. Гобелен

Қазіргі кезде гобелен өнерінде аға буын шеберлерінің жолын жалғастыруда Ахмет Ясауи университетінің «Сән өнері» мамандығының білімгерлері өз үлестерін қосуға талпынуда. Көне түркілердің дүниетанымдық түсінігіндегі көптеген өрнектер мен символдарды, белгілерді (жердің белгісі – ағаш, судың белгісі – балық, көктің белгісі – құс т.б.) өз шығармаларында қолданып, түркілік дүниетанымдық белгілердің гобелен туындыларының тарихи-мазмұндық, композициялық жағынан байи түсуіне бағытталуда. Атап айтқанда, Қуандық Жаннаның «Ұлттық ырғақтар» (сурет-4) гобелен шығармасы – ұлттық нақышта композициялық шешім құра отырып, түстік үйлесімдікте көптеген өрнектер мен символдық белгілердің стилизациясын пайдалануға талпынған, шығармашылығы ұштала бастаған туындыға жатқызуға болады.



Сурет-4. Жанна Қуандық. «Ұлттық ырғақтар». 2016. Гобелен.

Қорыта келгенде, бейнелеу өнерінің ең ауқымды саласының бірі сәндік-қолданбалы өнері туындылары түркі халықтарының тарихи-философиялық дүниетанымын, мәдениетін ұғуға, солардың негізінде өнертанудағы өзара ынтымақтастықты, өнер саласында ұрпақтар сабақтастығын дамытуға үлкен серпін береді. Сәндік-қолданбалы өнердің ішінде тоқыма өнеріндегі кілем, гобелен туындыларында кездесетін көптеген ою-өрнектер, символдар мен белгілер түркі халықтарының ежелден бері келе жатқан тамырлы байланыстарынан сыр шерте отырып, қазіргі мәдениетаралық, өнертанымдық интеграциялық өзара ықпалдастықтың мәнін аша түсуге көмектеседі.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н. Ә. (2017). *«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»*. Егемен Қазақстан. Астана. 12 сәуір.
2. Самұратова Т. (2010). *Бейнелеу өнері тарихы*. –Астана: ЕҰУ.
3. *Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. 2 том. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер.* (2002) / Абай. –Алматы: Жазушы.
4. Лоренц Н. Ф. (1987). *Орнамент всех времен*. –С.Петербург: изд. А. Ф. Девриена. - 159 с.
5. Жәнібеков Ө. (1992). *Уақыт керуен*. –Алматы: Жазушы, -120 б.
6. Қасиманов С. (1962). *Қазақ халқының қол өнері*. -Алматы: Казмамбас, -50 б.
7. Құдабаева К. І. (2005). *Сәндік-қолданбалы өнерді оқыту теориясы мен технологиясы*. БОПЖӘ студенттерге арналған оқу құралы. –Қарағанды: САНАТ-Полиграфия ЖШС ҚарМУ баспасы. -110 б.

8. Ергүдер А. (2009). *Қазақстан және Анадолы жерлеріндегі тоқымаларда қолданылған ою-өрнектердің ұқсастығы мен мән-мағыналары*. Түркология журналы. №5-6.
9. Parlak Tahsin. (2002). *Geleneksel Kazak Halı Sanatı ve TİKA Aral Bölgesi El Halıcılığını Geliştirme Projesi*, Ankara.
10. Балкенов Ж. (1998). *Әдентеу (стилизация): Ғылыми-әдістемелік монография*. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, -172 б.
11. Ералин Қ. (2009). *Бейнелеу өнері шығармашылығы*. Оқу құралы. Түркістан. Тұран. -87 б.

Аннотация

В статье представлена роль декоративного и прикладного искусства казахского народа в тюркской культуре. Национальный декор характеризует внутреннее содержание произведений прикладного искусства. Раскрываются виды декоративного ремесла в жизни тюрков, способы изготовления произведений и их использование. Историческая и культурная ценность казахского текстильного искусства занимает важную область в тюркской культуре. Продукты декоративного искусства, в частности ковры, украшения и т.д. и их особенности были подвергнуты тщательному анализу, особенно узоры, украшающие гобелены. Раскрыты особенности описания различных изображений в декоративном искусстве. Произведения казахских мастеров анализируются с точки зрения тюркского мировоззрения. Определены способы отражения тюркского мировоззрения современными молодыми мастерами, сделаны соответствующие выводы и заключения.

Ключевые слова: Декоративное и прикладное искусство, тюркский мир, национальные украшения, стилизация, ковроткачество, искусство гобелена.

(Ауелбеков Е. Тюркское мировоззрение в произведениях казахского декоративного и прикладного искусства)

Özet

Makalede, Türk kültüründeki Kazak halkının dekoratif ve uygulamalı sanatsal rolleri tanımlanmaktadır. Ulusal dekor, uygulamalı sanat eserlerinin iç içeriğini karakterize eder. Türklerin tarihsel yaşamındaki dekoratif el sanatlarının çeşitleri, bunların nasıl yapılacağı ve kullanılacağına ilişkin açıklamalar. Kazak tekstil sanatının tarihi ve kültürel değeri Türk kültüründe önemli bir yer tutmaktadır. Dekoratif sanatsal ürünlerin, özellikle de halı, süs eşyaları, süs eşyaları ve sanatsal özelliklerin sanatsal açıdan sanatsal analizi, goblende kullanılan süs ve süs eşyaları ile yapılır. Dekoratif sanat ürünleri, özellikle halılar, süs eşyaları vb. ve özellikleri titizce incelenmiştir, özellikle duvar halılarını süsleyen desenleri. Dekoratif sanatta çeşitli görüntülerin tanımlarının özellikleri ortaya konulmuştur. Kazak ustalarının eserleri Türk dünya görüşü açısından incelenmiştir. Türk dünyasının modern genç üstatların bakış açılarını yansıtmalarının yolları belirlenmiş ve sonuçlara varılmıştır.

Anahtar kelimeler: dekoratif ve uygulamalı sanat, Türk dünyası, ulusal süsler, süslemelerin stilizasyonu, halı dokuması, goblen sanatı, dokunmuş goblen.

(Auelbekov E. Kazak Dekoratif Uygulamalı Sanat Çalışmalarında Türk Dünyası-Üst Düzeyler)